



# Аспанмен тендерес қала

Ажар Сағатбекова

Тәүелсіздіктің

**25 жылдығына орай Әскемен-дегі облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында осындай атпен Алматы қаласының 1000 жылдық мерейтойына байланысты мерекелік шара үйімдастырылды.**

Шараның «Әсем қала – Алматы» атты алғашқы бөлімінде балаларға Алматы қаласының мыңжылдық тарихынан сыр шертетін көркем-деректі фильм ұсынылды. «Алматым-әнім» атты бөлімінде окушылар караокемен ән салып, көпшіліктің ерекше қошметіне ие болды. Мерекелік шараның «Алматы кеше және бүгін» атты екінші бөлімінде балаларға аталыш қаланың тарихына байланысты бірқатар сауалдар қойылып, жеңімпаздарға сыйлықтар табысталды.

Мерекелік шара аясында Николай Веревочкин мен «Алматы Кітап» баспасының балалар адебиеті бойынша сарапшысы София Раеваның үйімдастыруны-

мен шеберлік сынныптары өтті. Оған облыс аумағындағы барлық кітапханалардың қызметкерлері қатысты. Қасіби білімдерін қызықты және пайдалы мәліметтермен толықтырып қайташкан кітапханашылар Николай Веревочкин мен София Раеваға алғыстарын білдіріп жатты.

– Алматы – еліміздің ең ірі мегаполисі. Үйліми, мәдени, тарихи, экономикалық, қаржылық, банктик және мемлекеттің индустримальық орталығы. Қаланың аты Алматы, «алма қаласы» деп аударылады. Сол себептен де біз ең алғаш рет ашылған кезде кітап баспасының атауын Алматымен байланыстыруды жән деп шештік. Баспада жоғары оқу орындары мен мектеп окушыларына арналған оқулықтар және оқу құралдары, көркем әдебиеттер, сөздіктер, анықтамалықтар мен мектепке дейінгілер үшін әдебиеттер шығарылады. Бұдан бөлек, балаларға арналған айнықты безендірілген қазақорыс атының сөздігі мен үш тілдегі (қазақ, орыс, атылышын)

«Ауа райы», «Өлшеу», «Уақыт» «Сандар», «Пішіндер», «Түстер» «Қарсы мәндес сөздер. Салыстыру» деген жеті кітаптан тұратын көркемсүретті кітаптар топтамась шығады. Өйткені, қоғамның дамуы, адамзаттың есіп-әркендеуі кітаппен тығыз байланысты. Ал кітапхана – осы ғылым мен білімді, көркем ой құндылықтарын үрпақтан-үрпақça тарататын киелі шаңырақ. Бүгінгідей жаппай ақпараттандыру және технологияның әркендеу заманында ауыл кітапханалары да өзінің қоғамдағы басты орнын сақтап қана қоймай, есіп келе жатқан жас үрпақ үшін қажетті мәдени орынға айналуы қажет. Кітапхана оқырман үшін білім алушмен қатар, интеллектуалды және рухани қасиеттерін дамыту, ақпараттық сураннымдарын қанағаттандыратын білім ордасы бола білуі керек, – дейді София Раева.

Шара соңы оқырмандар үшін дәстүрге айналған «Кешкі кітапхана» атты әдеби ойын сауықтық бағдарламамен жағасын тапты.